

» Көзқарас

## Бұл сайлау өзгешерек өтті...

**Қ а з а қ с т а н д ы қ қоғамның әлеуметтік-саяси және экономикалық дамуын демократияландыру үрдісінде жетекші рөл мемлекеттік ұлттық мекемелермен қатар, азаматтық қоғам институттарына да тиесілі. Азаматтардың еркі және бастамалары бойынша құрылған ұйымдардан тұратын азаматтық қоғамдағы көппартиялық жүйенің қызметі – демократияның жарқын көрінісі.**

Билік пен қоғам арасында жүйелі байланыстың орнауы әрбір мемлекеттің дамуының маңызды шартына жатады. Егер де мемлекет азаматтары өз талаптары мен мұқтаждықтарын мемлекет басшылығына жеткізе алуға мүмкіндігі болмаса, саясат халық мүддесіне жұмыс істемейді. Қазақстан Республикасының болашақ дамуы азаматтық қоғаммен, атап айтқанда, саяси партиялармен тығыз және жүйелі байланысынан туындайды. Мұндай ынтымақтастықтың жетістігі мемлекеттік жобаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысатын және үкімет пен қоғам арасындағы алшақтықты азайта алатын бүкілқазақстандық халықтық партияларды құрумен және олардың қызметімен байланысты.

Саяси партияның өзгеруі – қоғамда болып жатқан өзгерістердің бір бөлігі. Жаңа Қазақстанның саяси бағытында саяси партияларды институционалдық және ұйымдастырушылық жағынан дамытуға барынша қолайлы жағдай жасау



либерализациялау процесін жалғастырды.

Мемлекет басшысы ұсынған сайлау арқылы саяси бәсекелестікті дамыту, көп партиялы жүйені қалыптастыру, сайлау үдерісін жандандыру, жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру – саяси жаңғырудың басты тетігі әрі өзегі. Былтырғы Конституцияға енгізілген өзгерістерге сай Президент бір рет қана жеті жылға сайлана алады. Бұл бастамалардың барлығы Президенттің саяси жаңашылдықтарды енгізуге және өзгерістерді жалғастыруға, саяси жүйенің ашықтығын қамтамасыз етуге және пікір алуандығын дамытуға бағытталған стратегиялық бағдарының мығым екендігін айғақтайды.

Ұлттық мүдде – мемлекеттің болашақтағы іс-әрекеттерін дәйектеуі және жос-

Парламент қызметін өзгерту, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметтерін жетілдіру, құқық қорғау органдарының қызметінің тиімділігін арттыру бойынша бастамалар көтеріп келеді.

Биылғы 1 қаңтардан бастап сайлау заңнамасы мен сайлау жүйесіне енгізілген жаңа түзетулер күшіне енді. Саяси реформалар бағдарламасында сайлау жүйесін жетілдіру, сайлау үдерісін жаңғырту, партия жүйесін дамыту мүмкіндіктерін кеңейту мәселелері қарастырылған еді. Осылайша, 2023 жыл жаңа жүйе бойынша Сенат депутаттарын сайлаумен басталды. 4 қаңтарда Парламенттің жоғары палатасы – Сенат депутаттарының кезекті сайлауы өтіп, еліміздің 20 өңірінен 20 мандатқа 55 кандидат бәсекеге түсіп, 20 үміткер сенатор атанды. Сенат депутатылығына кандидаттарды ұсынудың екі жолы бар. Ол –

Бұл сайлаудың басты ерекшелігі – аралас форматта болуы, яғни пропорционалды-мажоритарлық жүйеге негізделуі. Бұған дейінгі пропорционалды сайлау жүйесінде партияларға дауыс беріп келген халықтың сайлауға белсенділігі бәсеңдеп кеткені жасырын емес еді. Мажоритарлық жүйенің енуі, партиялар мен үкіметтік емес ұйымдар атынан ғана емес, өзін-өзі ұсыну тетіктерінің қолданылуы қоғам белсенділігін күрт арттырды. Біз мұны үміткерлердің тіркелу процесінде, сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарының жүру барысынан анық байқадық.

Міне, 19 наурызда саяси дода – сайлау да өтті.

Мәжілістің 29 депутаты 19 жылдан кейін қайта қолданылған осындай мажоритарлық бір мандатты округтер арқылы сайланды. Облыстық мәслихаттарға депутаттар 50/50 квотасы

қолайлы жағдай жасау қажеттігі туындады. Саяси ұйымдарды тіркеу үшін оның мүшелерінің саны бұрынғыдай 20 мың емес, 5 мың адам болса жеткілікті. Ал, өңірлердегі өкілдер саны 600-ден 200 адамға дейін төмендетіледі. Бір бұл ғана емес, партия құру үшін азаматтардың бастамашыл тобының ең төменгі саны үштен бірге дейін азайтылады. Партиялардың құрылтай съезін өткізуге және филиалдарды құруға берілетін уақыт та ұзартылады. Бұл мәселелерді либералдандыру еліміздегі саяси кеңістікті дамыту үдерісін едәуір жандандырады деген сенімдеміз. Өз сайлаушыларының қордаланған проблемаларын сауатты әрі дәйекті жеткізетін, мәселелерді тиімді шешуге қабілетті жаңа партиялар пайда болады. Сонымен қатар, **2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында** Президент партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеген жөн болатынын, саясаттағы монополия түрлі әлеуметтік кеселдерді туындататыны және мемлекетті дағдарысқа ұшырататыны анық екенін, саяси үстемдікке барынша шектеу қою қажеттігін мәлімдеген еді. Бұл бастамалар – мемлекеттіліктің институционалдық тірегі саналатын партиялық жүйені дамытуды жандандырып, жаңа саяси ұйымдардың пайда болуына жол ашады. Саяси бәсекені арттырып, барлық партияның дамуына бірдей жағдай жасайды.

2019 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстанда саяси реформалардың жаңа кезеңі басталды. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің жұмысы аясында бастамашылық еткен саяси реформалардың 4 пакеті партиялық-саяси жүйені

парларын жүзеге асыруы, қоғам мүшелерінің қажеттілігін қамтамасыз етуі, ұлтты ішкі және сыртқы қауіптерден қорғау қабілеті деп айқындай отырып, мүдденің өзегінде адам, ұлт, халық тұрады деп тұжырымдаймыз. Ұлттық идеяны жүзеге асыру үшін, жаһандық және ішкі қайшылықтардан туындаған жаңа қатерлер бағытын дер кезінде болжамдай алатын, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін дер кезінде тиісті шаралар қолданатын, өз халқын ұлттық татулық негізінде жұмылдыра білуге қабілетті «Халықтың үніне құлақ асатын» күшті мемлекет қажет.

Аталмыш бағыттар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың идеяларында шоғырланып, жүзеге асырылып отыр. Елдегі жағдайға талдау жасау арқылы Мемлекет басшысының өзіндік саясатын тұжырымдап, оларды жүзеге асыруда табысты қадамдар жасап отырғаны аңғарылады. Атап айтқанда, «халық пен билік арасында үйлесімді консенсусты орнатуға және билік органдарының ел сеніміне ие болуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегияларын, қаңтар оқиғасынан кейін елдің тұрақтылығын, мызғымастығын сақтап қалуын және ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етуін, саяси жаңғыру арқылы экономикалық реформаларды жүргізуге арналған саясатын Жаңа Қазақстанды құру бағытына жаңа серпін беретін қадамдар ретінде бағалаймыз. Дәйектілік, сабақтастық, орындылық сипаттарға ие Президенттің ұзақ мерзімге бағытталған стратегиялары жыл сайынғы халыққа арнаған Жолдауларында айқын көрініс тауып отыр және Қазақ елінің дамуына жаңа серпін беруге бағытталған. Президент саяси салада дәйекті институционалды қайта құрылымдар, партиялық жүйені жаңғырту,

нудың екі жолы бар: Ол – облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және Астананың, аудандық мәслихаттардың сессияларында саяси партиялар және өзге де қоғамдық бірлестіктер мәслихаттардың өкілдері арқылы және кандидаттың өзін-өзі ұсынуы. Сенаторлардың депутаттық өкілеттік мерзімі – 6 жыл. Сенат депутаттарының жартысы әр 3 жыл сайын қайта сайланады.

Сонымен қоса 19 қаңтарда Мемлекет басшысы жетінші сайланған Парламенттің Мәжілісін тарату туралы және мәслихат депутаттарының өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы, 19 наурызда кезектен тыс сайлау өткізу туралы Жарлықтарға қол қойды.

Бұған дейін, яғни жетінші сайланған Парламенттің Мәжілісінде 107 депутат болды. Ал, жаңадан жасақталған Мәжілісте мандат саны 9-ға қысқарып, 98-ді құрап отыр. Қысқартылған бұл 9 мандат осы уақытқа дейін Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан сайланатын депутаттарға тиесілі болатын. Алайда, өткен жылдың маусымындағы референдумнан кейін қабылданған заңға сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясы атынан еліміздің жоғары заң шығарушы органына берілетін мандат саны беске қысқарып, оның өзі Сенатқа берілген еді. Бұл республиканың Ата Заңында да жазылды. Яғни бұған дейін Президент 15 Сенат депутатын тағайындайтын болса, ол сан 10-ға дейін қысқарып, енді соның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы ұсынуы тиіс. Бұл норма 8-ші сайланған Парламент Мәжілісі депутаттарының сайлауынан бастап қолданылды.

Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – бес жыл. Мәжілістің депутаттарын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады.

депутаттар 50/50 квотасы бойынша, жартысы партиялық тізім, жартысы бір мандатты округтер арқылы сайланды. Ал, аудандық мәслихаттар толық бір мандатты округтер арқылы сайланды. Аудандық деңгейде партиялық тізім болған жоқ.

Әйелдер, жастар, ерекше мұқтаждығы бар адамдар үшін 30 пайыздық квота партия тізімі мен мандаттардың бөлінісі кезінде сақталды.

Бұл сайлауда жеті партия додаға түсті. Екі партия – Республика партиясы мен Байтақ партиясы партиялар туралы заңның жаңа нормалары күшіне енгеннен кейін тіркеуден өтті.

Президент сайлауында қолданылған «бөріне қарсымын» графасы алғаш рет Мәжіліс пен мәслихаттар сайлауында да қолданылды.

Әртүрлі түске боялған бес бюллетень бойынша сайлаушылар дауыс берді. Республикалық маңыздағы қалаларда (Астана, Алматы, Шымкент) сайлаушылар төрт бюллетень бойынша дауыс берді. Сайлаушылар бірінші Мәжіліске партиялық тізімге, екінші өзін-өзі ұсынған бір мандатты Мәжіліс депутаттығына үміткерлерге, үшінші облыстық мәслихаттарға партиялық тізім бойынша, төртінші облыстық мәслихаттарға өзін-өзі ұсынған бір мандатты үміткерлерге, бесінші аудандық мәслихаттарға өзін-өзі ұсынған бір мандатты үміткерлерге дауыс берді.

Енді ауыл әкімдері корпусын жаңарту жалғасады. 350-ден аса кент, ауыл және ауылдық округ әкімдерінің тікелей сайлауын өткізу жоспарланып жатыр. Бұл сайлау мыңнан аса ауылдық елді мекенді қамтиды.

**Сәкен МӘЖІНБЕКОВ,**  
**М.Әуезов атындағы**  
**Оңтүстік Қазақстан**  
**мемлекеттік университетінің**  
**«Саясаттану»**  
**кафедрасының**  
**меңгерушісі.**